«Бекітемін»
№5 мектеп-лицей директоры
Б.Дуйсенбаев
«31» 08 2026 ж

«Келісемін»
Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары
А.Менлибаева
«28» 08 2026 ж

И.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің 2026 – 2027 оқу жылына арналған «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің міндетін атқарушы бұйрығының (№194, 30.07.2024)2-қосымшасына сәйкес

(ҚР Оқу-ағарту министрі бұйрығы 26.05.2025ж. №123 бұйрығымен толықтырулар, өзгертулер «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)

Сыныбы: 7 «Ә»
Сынып жетекшісі: А.Тоқтамұрат

2026-2027 оқу жылы

«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ

2026–2027 оқу жылындағы тәрбие жұмысы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ұйымдастырылады және саналы шешім қабылдай алатын, заңды, еңбекті, қоғамдық құндылықтарды құрметтейтін және елдің дамуына өз үлесін қоса алатын білімді, отансүйгіш, жауапты әрі жасампаз ұрпақты қалыптастыруға бағытталады.

«Адал азамат» бағдарламасы бұған дейін жүзеге асырылған «Біртұтас тәрбие» біртұтас тәрбие бағдарламасының заңды жалғасы болып табылады. Тәрбиеге заманауи көзқарас мектеп, отбасы, мемлекет және қоғамның өзара іс-қимылы негізінде баланың тұлғалық қалыптасуын қамтамасыз ететін біртұтас тәрбие ортасын құруды көздейді.

Тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Конституциясының құндылықтарын, «Еңбек адамы» құндылығын, «Заң және тәртіп» және «Таза Қазақстан» қағидаттарын оқу-тәрбие процесінің барлық бағыттарына кіріктіру негізінде жүзеге асырылады. Білім алушылардың құқықтық мәдениетін, азаматтық жауапкершілігін, еңбекке деген құрметін, экологиялық санасын, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын және айналасындағы адамдарға жауапкершілікпен қарауын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді.

Тәрбие жұмысының негізіне Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көрініс тапқан алты негізгі құндылық алынған:

еңбекқорлық және кәсібилік;

тәуелсіздік және отансүйгіштік;

әділдік және жауапкершілік;

бірлік және ынтымақ;

заң және тәртіп;

жасампаздық және жаңашылдық.

Тәрбие жұмысының мазмұны тиісті негізгі құндылықтарды ескере отырып, айлар бойынша бөлінеді:

қыркүйек — еңбекқорлық және кәсібилік;

қазан — тәуелсіздік және отансүйгіштік;

қараша — әділдік және жауапкершілік;

желтоқсан — бірлік және ынтымақ;

қаңтар — заң және тәртіп;

ақпан — жасампаздық және жаңашылдық;

наурыз — тәуелсіздік және отансүйгіштік;

сәуір — еңбеккорлық және кәсібилік;

мамыр — бірлік және ынтымақ.

Тәрбие жұмысын жоспарлау кезінде білім алушылардың жас ерекшеліктері, тәрбие жұмысының өзекті міндеттері, мемлекеттік және ұлттық құндылықтар, атаулы күндер, жеке және қоғамдық қауіпсіздік мәселелері, балалар мен жасөспірімдер ортасындағы келеңсіз құбылыстардың алдын алу шаралары ескеріледі.

2026–2027 оқу жылында тәрбие жұмысы сынып сағаттарының мазмұнына негізгі тәрбие бағыттарын жүйелі түрде кіріктіру негізінде жүзеге асырылады.

Әрбір сынып сағатын әзірлеу барысында негізгі тақырып төрт маңызды бағытпен байланыстырылады: **Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Заң және тәртіп», «Таза Қазақстан»** және **«Еңбек адамы».** Бұл бағыттар жеке қосымша іс-шаралар ретінде өткізілмейді, керісінше сынып сағатының негізгі тақырыбының мазмұны арқылы ашылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы білім алушылардың құқықтары, міндеттері, азаматтық жауапкершілігі, әділдік және мемлекеттік құндылықтарға құрмет туралы түсініктерін қалыптастырудың негізі болып табылады.

«Заң және тәртіп» бағыты ережелер мен мінез-құлық нормаларын сақтау, жеке және қоғамдық жауапкершілік, басқа адамдардың құқықтарын құрметтеу, қауіпсіз әрі заңға бағынатын мінез-құлық мәселелері арқылы кіріктіріледі.

«Таза Қазақстан» бағыты экологиялық мәдениетті, табиғатқа, мектеп кеңістігіне, қоғамдық мүлікке, ресурстарға және қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

«Еңбек адамы» бағыты сынып сағатының мазмұнына еңбекке, түрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды, өз қызметінің нәтижесіне жауапкершілікпен қарауды, еңбеккорлықты, дербестікті және қоғамға пайда келтіруге ұмтылысты тәрбиелеу арқылы енгізіледі.

Осылайша, Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Заң және тәртіп», «Таза Қазақстан» және «Еңбек адамы» бағыттары біртұтас тәрбие желісін құрайды және нақты тақырыптың мазмұны мен білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес сынып сағаттарының тақырыптарына жүйелі түрде енгізіледі.

Тәрбие жұмысының маңызды бағыттарының бірі — қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. «Жеке қауіпсіздік» оқу курсы ықтимал қауіпті жағдайларды тани білуге, негізделген шешім қабылдауға, жеке, қоғамдық, жол және цифрлық қауіпсіздік ережелерін сақтауға бағытталған.

Сынып сағаттарының мазмұнына білім алушылардың жеке қауіпсіздігі мен қауіпсіз мінез-құлқына, соның ішінде жол қозғалысы ережелері мен өмір қауіпсіздігі негіздеріне арналған **«Қауіпсіздік сабағы» — 10 минуттық қауіпсіздік сабағы жүйелі түрде енгізіледі.**

Тәрбие жұмысының басым бағыттарының бірі — **«Таза Қазақстан»** тұжырымдамасын жүзеге асыру. Ол тек экологиялық бағыт ретінде ғана емес, сонымен қатар жеке жауапкершілікті, мінез-құлық мәдениетін, табиғатқа, мектеп және қоғамдық кеңістікке ұқыпты қарауды қалыптастыру құралы ретінде қарастырылады.

«Таза Қазақстан» тұжырымдамасы аясында «Жасыл мектеп» пилоттық жобасы жүзеге асырылады. Жоба экологиялық білімді білім беру процесіне кіріктіруді және білім алушылардың қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастыруды көздейді.

Тәрбиенің практикалық бағытын күшейту мақсатында «Адал азамат» бағдарламасының алты әлеуметтік жобасын жүзеге асыру жалғасады:

«Қамқор» — әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды насихаттау;

«Еңбегі адал – жас өрен» — адал еңбекке құрметпен қарауды қалыптастыру, мамандықтарға қызығушылықты арттыру және еңбеккорлықтың құндылығын дәріптеу;

«Шабыт» — білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу;

«Ұшқыр ой алаңы» — тілдік және коммуникативтік дағдыларды, мазмұнды пікірталас мәдениетін дамыту;

«Smart bala» («Ақылды бала») — инновациялық ойлауды дамыту және байқау жобаларын жүзеге асыру;

«Балалар кітапханасы» — кітап оқуға, білімге және танымға деген тұрақты қызығушылықты қалыптастыру.

Құндылықтарды жүйелі түрде қалыптастыру тек жекелеген тәрбие іс-шаралары арқылы ғана емес, мектеп өмірін күнделікті және апта сайын ұйымдастыру арқылы да жүзеге асырылады.

Күнделікті тәрбие жұмысына білім алушылардың бос уақытын ұлттық ойындар арқылы ұйымдастыруға бағытталған «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы», ата-аналардың баласымен өзекті адамгершілік тақырыптар бойынша жеке қарым-қатынас жасауын көздейтін «Өнегелі 15 минут», суды, энергияны, азық-түлікті және басқа да ресурстарды үнемді пайдалануға дағдыландыратын «Үнемді тұтыну», сондай-ақ мектеп ортасында ұлттық күйлерді пайдалануға бағытталған «Күй күмбірі» жобалары енгізіледі.

Апталық тәрбие жұмысына «Менің Қазақстаным» — оқу аптасының басында бірінші сабақта Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындау, оқу және сабақтан тыс қызметтің мағыналық бағдаршысы ретінде аптаның дәйексөзін пайдалану, сынып сағаттарын, қауіпсіздік сабақтарын және мінез-құлық мәдениеті мен салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды өткізу кіреді.

«ДОСБОЛЛІКЕ» бағдарламасын іске асыруға ерекше назар аударылады. Бағдарлама қауіпсіз әрі қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруға және буллингтің алдын алуды кешенді түрде жүзеге асыруға бағытталған. Жұмыс аптибуллингтік мәдениетті қалыптастыруды, балаларды қауіпсіз мінез-құлыққа және эмоционалдық интеллектке үйретуді, педагогтер мен ата-аналардың құзыреттілігін арттыруды, сондай-ақ әлеуметтік-психологиялық ахуалды диагностикалау мен тұрақты мониторинг жүргізуді қамтиды.

Осылайша, 2026–2027 оқу жылындағы тәрбие жұмысы — «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтары сынып сағаттарының мазмұны, білім беру процесі, әлеуметтік жобалар, профилактикалық жұмыстар, мектеп ортасы және отбасымен озара іс-қимыл арқылы жүзеге асырылатын біртұтас жүйе.

Тәрбие жұмысының негізгі нәтижесі — Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын құрметтейтін, өз елінің тәуелсіздігін бағалайтын, еңбекқорлық, әділдік пен ынтымақты бойына сіңірген, табиғат пен қоғамдық мүлікке ұқыпты қарайтын, нақты және цифрлық ортада қауіпсіз әрекет ете алатын, білімге, жасампаздыққа және қоғамның дамуына ұмтылатын адал әрі жауапты азаматтың тұлғасын қалыптастыру.

7- сыныптың сынып сағаттарының жұмыс жоспары .
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
1 қыркүйек – «Білім күні»

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні
Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні
Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні
Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

I тоқсан

1-апта дәйексөзі:

«Білім - қымбат қазына, қанағат тұтпа азына»

01.09.26–06.09.26 ж.

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс- шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1.	«Таза Қазақстан: Конституция құндылықтары – экологиялық мәдениет пен жауапкершіліктің негізі».	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	

2-апта дәйексөзі:

«Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!»

07.09.26 ж.–13.09.26 ж.

2.	Сынып сағатының тақырыбы: «Менің отбасым – менің тірегім» Құндылықтарды жүйелі түрде кіріктіру **7-сынып** Жаңа Конституция аясындағы «Заң және тәртіп» — «Отбасы мүшелерінің құқықтары, жеке шекарасы және өзара жауапкершілігі» «Таза Қазақстан» — «Отбасының күнделікті өмірдегі экологиялық жауапкершілігі» Жеке қауіпсіздік — «Бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезіндегі қауіпті белгілер»	Сынып сағаты бейнеролик	Сынып жетекшісі	

3-апта дәйексөзі:

«Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» (Абай)

	14.09.26 ж.–20.09.26 ж.		
3	Сынып сағатының тақырыбы: «Адал еңбек — абыройлы адамның негізі» Құндылықтарды жүйелі түрде кіріктіру **7-сынып** Еңбек адамы (кәсіби бағдар): «Қызығушылықтан болашақ мамандықты таңдауға дейін» Жаңа Конституция аясындағы заң және тәртіп: «Еңбекті еркін таңдау құқығы және өз болашағына жауапкершілік» DOSBOLLIKE: «Жеке шекара дегеніміз не және олар не үшін қажет?» Жеке қауіпсіздік: «Цифрлық диета» челленджі: «Гаджеттерден қысқа уақытқа бас тарту сізге қалай әсер етеді?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі
	4-апта дәйексөзі: **«Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы» (Абай)** **21.09.26 ж.–27.09.26 ж.**		
4	Сынып сағатының негізгі тақырыбы:«Бүгінгі еңбек — ертеңгі мүмкіндіктер» Құндылықтарды жүйелі түрде кіріктіру **7-сынып** Еңбек адамы (кәсіби бағдар): «Еңбек дағдылары және менің кәсіби жолым» Жаңа Конституция аясындағы заң және тәртіп: «Еңбегі үшін кемсітусіз әділ сыйақы алуға құқық» Жол қозғалысы ережелері (ЖҚЕ): «Автомобиль көлігінің республика экономикасындағы рөлі» Жеке қауіпсіздік: «Бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезіндегі қауіпті белгілер»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық

1 қазан – Халықаралық қарттар күні
5 қазан – Мұғалімдер күні
24 қазан – Кітапханашылар күні
25 қазан – Республика күні

	1-апта дәйексөзі: **«Ел-жұртымның бақыты аталатын, сенбесің мәңгі сенің, Отан, атың!»** **28.09.26 ж.–04.10.26 ж.**		
5	Сынып сағатының тақырыбы: «Ата буын — даналық, тәжірибе және өнеге» Құндылықтарды жүйелі түрде кіріктіру **7-сынып** Еңбек адамы: «Ата буынның еңбек жолы: сақтап қалуды қажет ететін тәжірибе» Жаңа Конституция аясындағы заң және тәртіп: «Адамның қадір-қасиетін құрметтеу және ата буын алдындағы жауапкершілік» Жеке қауіпсіздік: «Ата-анаға сенім — қиын жағдайларда қауіпсіздіктің кепілі»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі
	2-апта дәйексөзі: **«Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!»** **05.10.26 ж.–11.10.26 ж.**		
6	Сынып сағатының тақырыбы: «Цифрлық әлем: қауіпсіздік жауапкершіліктен басталады» Құндылықтарды жүйелі түрде кіріктіру **7-сынып** «Таза Қазақстан»: «Электронды қалдықтар: саналы тұтыну және техниканы экологиялық тұрғыдан кәдеге жарату»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі

	Жаңа Конституция аясындағы заң және тәртіп: «Интернеттегі сөз бостандығы және басқа адамның құқықтарын бұзғаны үшін жауапкершілік» Жол қозғалысы ережелері (ЖҚЕ): «Реттеушінің сигналдарымен танысу. Рөлдік ойын» Жеке қауіпсіздік: «Желідегі қауіпті әуестіктер (трэш-стрим)»			
	3-апта дәйексөзі: **«Отанды сүю – отбасынан басталады!»**			
7	Сынып сағатының тақырыбы: «Ел болашағы — біздің құндылықтарымыздан басталады» Құндылықтарды жүйелі түрде кіріктіру **7-сынып** Жаңа Конституция аясындағы заң және тәртіп: «Өзге адамдардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу — жауапты қоғамның негізі» DOSBOLLIKE: «Қалай дұрыс "жоқ" деп айтуға болады?» Жеке қауіпсіздік: «Судағы қауіпсіздік ережелері және жазатайым оқиғалардың алдын алу»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
	4-апта дәйексөзі: **«Отаным – алтын бесігім!»** **19.10.26 ж.–25.10.26 ж.**			
8	Сынып сағатының тақырыбы: «25 қазан — Республика күні. Қазақстан — біздің ортақ құндылығымыз» Құндылықтарды жүйелі түрде кіріктіру **7-сынып** Жаңа Конституция аясындағы заң және тәртіп: «Қазақстан Республикасының егемендігі және азаматтардың ел болашағы алдындағы жауапкершілігі» Жеке қауіпсіздік: «Велосипедпен қауіпсіз жүру: өзіңе және айналандағы адамдарға жауапкершілік»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	

Қараша – әділдік және жауапкершілік айы **15 қараша – «Ұлттық валюта» теңге күні** **16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні**				
II тоқсан 1-апта дәйексөзі: **«Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!»** **02.11.26 ж.–08.11.26 ж.**				
9	Сынып сағатының тақырыбы: «Әділетті Қазақстан: адал азамат — озық ұлт» Құндылықтарды жүйелі түрде кіріктіру **7-сынып** Жаңа Конституция аясындағы заң және тәртіп: «Әділеттілік, заң алдында теңдік және азаматтың жауапкершілігі» Жеке қауіпсіздік: «Қиын кезеңдегі достық: жанжал кезінде досыңа қалай қауіпсіз көмектесуге болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
2- апта дәйексөзі **«Тура биде туған жоқ!»** **09.11.26 ж.–15.11.26 ж.**				
10	Сынып сағатының тақырыбы: «Теңге — Қазақстанның қаржылық тәуелсіздігінің символы» Құндылықтарды жүйелі түрде кіріктіру **7-сынып** Жаңа Конституция аясындағы заң және тәртіп: «Теңге — ұлттық валюта және Қазақстанның егемендік элементі» Жол қозғалысы ережелері (ЖҚЕ): «Көлік құралдарын тоқтату және тұраққа қою» Жеке қауіпсіздік: «Менің негізгі құқықтарым мен міндеттерім»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
3-апта дәйексөзі:				

	«Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі» 16.11.26 ж.–22.11.26 ж.			
11	Сынып сағатының тақырыбы: «Жауапты таңдау — жауапты әрекет» Құндылықтарды жүйелі түрде кіріктіру **7-сынып** Жаңа Конституция аясындағы заң және тәртіп: «Адамның құқықтары, міндеттері және өз әрекеттері үшін жауапкершілігі» DOSBOLLIKE: «Қалай дұрыс "жоқ" деп айтуға болады?» Жеке қауіпсіздік: «Жедел жәрдем нөмірі және сенім телефондары»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
	4-апта дәйексөзі: «Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!» 23.11.26 ж.–29.11.26 ж.			
12	Сынып сағатының тақырыбы: «Энергияны үнемдеу — Қазақстан экологиясына қосқан үлес» Құндылықтарды жүйелі түрде кіріктіру **7-сынып** «Таза Қазақстан»: «Энергия тиімділігі: ысырап аз болса — табиғатқа пайда көп» Еңбек адамы (кәсіби бағдар): «Энергетика саласындағы мамандықтар: энергия өндіруден оны тиімді пайдалануға дейін» Жеке қауіпсіздік: «Бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезіндегі қауіпті белгілер»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
	Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы **5 желтоқсан** – Дүниежүзілік Еріктілер күні			

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
1-апта дәйексөзі: «Бірлігі күшті ел озады» 30.11.26 ж.–06.12.26 ж.				
13	Сынып сағатының тақырыбы: «Табиғатты сақтаймыз — болашақты сақтаймыз» Құндылықтарды жүйелі түрде кіріктіру **7-сынып** «Таза Қазақстан»: «Экологиялық мәдениет — таза Қазақстанға бастар жол» Жаңа Конституция аясындағы заң және тәртіп: «Табиғатты сақтау және табиғи байлықтарға ұқыпты қарау» Еңбек адамы (кәсіби бағдар): «Табиғатты және табиғи ресурстарды қорғау саласындағы мамандықтар» Жеке қауіпсіздік: «Цифрлық диета» челленджі: «Гаджеттерден қысқа уақытқа бас тарту қалай әсер етеді?»	Сынып сағаты Мектепте/сыныпта тазалықты сақтауға арналған акция	Сынып жетекшісі	
2-апта дәйексөзі: «Ынтымақ жүрген жерде, ырыс бірге жүреді» 07.12.26 ж.–13.12.26 ж.				
14	Сынып сағатының негізгі тақырыбы: «Бірлік пен келісім: халықтың күші — ауызбіршілігі мен өзара құрметінде» Құндылықтарды жүйелі түрде кіріктіру **7-сынып** Жаңа Конституция аясындағы заң және тәртіп: «3-бап. Жалпыұлттық бірлік — Қазақстан Республикасының негізгі қағидаты» Жол қозғалысы ережелері (ЖҚЕ): «Аралық және қашықтық. Қозғалыс жылдамдығы» Жеке қауіпсіздік: «Белгілі бір жағдайларда ата-анаға сену неге маңызды?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	

	3 – апта дәйексөзі: «Бірлік болмай, тірлік болмас» 14.12.26 ж.–20.12.26 ж.			
15	Сынып сағатының тақырыбы: «Менің мақтанышым — Тәуелсіз Қазақстан!» Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні Құндылықтарды жүйелі түрде кіріктіру **7-сынып** Жаңа Конституция аясындағы заң және тәртіп: «3-бап. Егемендік пен тәуелсіздікті қорғау — Қазақстан Республикасының негізгі қағидаты» DOSBOLLIKE: «Қалай дұрыс "жоқ" деп айтуға болады?» Жеке қауіпсіздік: «Кибербуллинг түрлері. Әр адамның қауіпсіздігі неде және әрекет ету алгоритмі қандай болуы керек?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
	4-апта дәйексөзі: «Ынтымақ – бұзылмайтын қорған» 21.12.26 ж.–27.12.26 ж.			
16	Сынып сағатының тақырыбы: «Жаңа жыл жақсы әрі қауіпсіз істерден басталады» Құндылықтарды жүйелі түрде кіріктіру **7-сынып** Жеке қауіпсіздік: «Жаңа жылдық демалыс кезіндегі қауіпсіздік: қауіпті жағдайлардың алдын алу»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
	III тоқсан			
	Қаңтар – заң және тәртіп айы			
1 қаңтар – Жаңа жыл				

	2-апта дәйексөзі: **«Талап бар жерде, тәртіп бар»** **11.01.27 ж.–17.01.27 ж.**		
17	**Сынып сағатының негізгі тақырыбы:«Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!»** Құндылықтарды жүйелі ықпалдастыру **7-сынып** Жаңа Конституция аясындағы заң және тәртіп: «16-бап. Сыбайлас жемқорлық және заң алдындағы теңдік: жеке пайда заңнан жоғары бола алмайды» Жеке қауіпсіздік: «Өз құқықтарыңды қорғай біл»	**Сынып сағаты**	**Сынып жетекшісі**
	3-апта дәйексөзі: **«Тәртіп – тәрбие бастауы»** **18.01.27 ж.–24.01.27 ж.**		
18	**Сынып сағатының негізгі тақырыбы: «Заң және тәртіп»** Құндылықтарды жүйелі түрде кіріктіру **7-сынып** Жаңа Конституция аясындағы заң және тәртіп: «Заңды сақтау, басқа адамдардың құқықтарын құрметтеу және жеке жауапкершілік» DOSBOLLIKE: «Қалай дұрыс “жоқ” деп айтуға болады?» Жеке қауіпсіздік: «Өзің және айналаңдағы адамдар үшін велосипедпен қауіпсіз жүруді қалай қамтамасыз етуге болады?»	**Сынып сағаты**	**Сынып жетекшісі**
	4-апта дәйексөзі: **«Әділет жолы- адал жол»** **25.01.27 ж.–31.01.27 ж.**		

19	Сынып сағатының негізгі тақырыбы: «Әділдік жолы — адал жол» Құндылықтарды жүйелі түрде кіріктіру **7-сынып** Жаңа Конституция аясындағы заң және тәртіп: «Таңдау еркіндігі және рұқсат етілетін шектер: бір адамның құқықтары екінші адамның құқықтарын бұзбауы тиіс» Жол қозғалысы ережелері (ЖҚЕ): «Реттеушінің сигналдарымен танысу. Рөлдік ойын» Жеке қауіпсіздік: «Қиын кезеңдегі достық: жанжал кезінде досыңа қалай қауіпсіз көмектесуге болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық

14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні

Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні

1-апта дәйексөзі:
«Жасампаздық – бәрімізге өнеге»
01.02.27 ж.–07.02.27 ж.

20	Сынып сағатының негізгі тақырыбы:«Жасампаздық және жаңашылдық» Құндылықтарды жүйелі түрде кіріктіру **7-сынып** Еңбек адамы (кәсіби бағдар): «Жаңашыл мамандықтар: инженер, әзірлеуші, сәулетші» DOSBOLLIKE: «Қалай дұрыс “жоқ” деп айтуға болады?» Жеке қауіпсіздік: «Менің негізгі құқықтарым мен міндеттерім»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	

2-апта дәйексөзі:
«Инновациялар — заман талабы»

	08.02.27 г.–14.02.27 г.		
21	Сынып сағатының негізгі тақырыбы: «Инновациялар мен технология — заман талабы» Құндылықтарды жүйелі түрде кіріктіру **7-сынып** Еңбек адамы (кәсіби бағдар): «Технологиялар мамандықтар әлемін қалай өзгертеді?» Жеке қауіпсіздік: «Цифрлық диета» челленджі: «Гаджеттерден қысқа уақытқа бас тарту қалай әсер етеді?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі
	3-апта дәйексөзі: **«Жаңалық жасампаз ойдан басталады»** **15.02.27 ж.–21.02.27 ж.**		
22	Сынып сағатының тақырыбы:« «Ойлан. Жаса. Жүзеге асыр: жасанды интеллект дәуіріндегі жаңа идеялар» Құндылықтарды жүйелі ықпалдастыру 7-сынып Жол қозғалысы ережелері (ЖҚЕ): «Жүргізушілердің жұмысқа қабілеттілігі және олардың сенімділігі» Жеке қауіпсіздік: «Цифрлық диета» челленджі: «Гаджеттерден қысқа уақытқа бас тарту қалай әсер етеді?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі
	4-апта дәйексөзі: **«Жаңашылдық – заман талабы»** **22.02.27 ж.–28.02.27 ж.**		
23	Сынып сағатының тақырыбы:«Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік» Құндылықтарды жүйелі түрде кіріктіру **7-сынып** Жаңа Конституция аясындағы заң және тәртіп: «Әлеуметтік жауапкершілік: менің құқықтарым, міндеттерім және қоғам алдындағы жауапкершілігім»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі

	Жеке қауіпсіздік: «Бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезіндегі қауіпті белгілер»			

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы

1 наурыз – Алғыс айту күні
8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі
30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні

	1-апта дәйексөзі: «Патриотизм – ата-анаңды құрметтей білуің...»(Б.Момышұлы) 01.03.27 ж.–07.03.27 ж.			
24	Сынып сағатының тақырыбы:«1 наурыз — Алғыс айту күні. Алғыс — жүректен шығады» Құндылықтарды жүйелі түрде кіріктіру 7-сынып Жаңа Конституция аясындағы заң және тәртіп: «Адамның қадір-қасиеті және өзара құрмет — қоғамдық келісімнің негізі» DOSBOLLIKE: «Қалай дұрыс “жоқ” деп айтуға болады?» Жеке қауіпсіздік: «Кибербуллинг түрлері. Әр адамның қауіпсіздігі неде және әрекет ету алгоритмі қандай болуы керек?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
	2-апта дәйексөзі: «Тәуелсіздік – тәтті соз ғана емес, ұлттық жауапкершілік» 08.03.27 ж.–14.03.27 ж.			
25	Сынып сағатының тақырыбы: «Ана — отбасының тірегі,	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	

	даналығы мен күші» Құндылықтарды жүйелі түрде кіріктіру **7-сынып** Жол қозғалысы ережелері (ЖҚЕ): «Автоколіктегі медициналық дәрі қобдишасы» Жеке қауіпсіздік: «Белгілі бір жағдайларда ата-анаға сену неге маңызды?»			
	3-апта дәйексөзі: **«Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады»** **15.03.27 ж.–21.03.27 ж.**			
26	Сынып сағатының тақырыбы:«Наурыз — жыл басы» Құндылықтарды жүйелі түрде кіріктіру **7-сынып** Жеке қауіпсіздік: «Судағы қауіпті жағдайларды қалай анықтауға және жазатайым оқиғалардың алдын алуға болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
	IV тоқсан **Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы** **2 сәуір** – Халықаралық балалар кітабы күні **7 сәуір** – Дүниежүзілік денсаулық күні **12 сәуір** – Ғарышкерлер күні **15 сәуір** – Халықаралық мәдениет күні **18 сәуір** – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні **23 сәуір** – Ұлттық кітап күні			
	1-апта дәйексөзі: **«Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең»** **29.03.27 ж.–02.04.27 ж.**			
27	Сынып сағатының тақырыбы: «Біз таңдайтын кітаптар» Құндылықтарды жүйелі ықпалдастыру	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	

	7-сынып Еңбек адамы (кәсіби бағдар): «Кітап әлемінің мамандықтары: кітапты кім жасайды және оның оқырманға жетуіне кім көмектеседі?» «Таза Қазақстан»: «Саналы тұтыну: қажетсіз қалдықтардың орнына кітаптарды қайта пайдалану және алмастыру» Жеке қауіпсіздік: «Судағы қауіпті жағдайларды қалай анықтауға және жазатайым оқиғалардың алдын алуға болады?»			
	2-апта дәйексөзі: **«Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап» (Абай)** **05–09.04.26 ж.**			
28	Сынып сағатының тақырыбы:«7 сәуір — Дүниежүзілік денсаулық күні. Денсаулыққа жасалған қадам — өмірге бастар жол» Құндылықтарды жүйелі түрде кіріктіру **7-сынып** Еңбек адамы (кәсіби бағдар): «Денсаулықты қорғаудағы мамандықтар: адамның денсаулығын сақтауға кім көмектеседі?» «Таза Қазақстан»: «Экологиялық мәдениет — салауатты өмір салтының бір бөлігі» Жаңа Конституция аясындағы заң және тәртіп: «Адамның денсаулығын қорғау құқығы және жауапты мінез-құлықтың маңызы» Жол қозғалысы ережелері (ЖҚЕ): «Теміржол өткелдерінен өту. Қала сыртындағы жолдарда қауіпсіздік» Жеке қауіпсіздік: «Өзің және айналандағы адамдар үшін велосипедпен қауіпсіз жүруді қалай қамтамасыз етуге болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
	3-апта дәйексөзі:			

	«Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді» (Леонардо да Винчи) 12.04.27 ж.–16.04.27 ж.			
29	Сынып сағатының тақырыбы:«Ғарышкерлер күні. Байқоңырдан басталған жол» Құндылықтарды жүйелі ықпалдастыру 7-сынып Еңбек адамы (кәсіби бағдар): «Ғарыш саласы: жұлдыздарға жол ашатын адамдардың мамандықтары» Жеке қауіпсіздік: «Қиын кезеңдегі достық: жанжал кезінде досыңа қауіпсіз түрде қалай көмектесуге болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
	4-апта дәйексөзі: «Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар» 19.04.27 ж.–23.04.27 ж.			
30	Сынып сағатының тақырыбы:«Еңбекқорлық және кәсіби құзыреттілік» Құндылықтарды жүйелі ықпалдастыру **7-сынып** Жаңа Конституция аясындағы заң және тәртіп: «Еңбек, кәсіби таңдау және адамның өз өмір жолын дербес анықтау құқығы» DOSBOLLIKE: «Буллингтен қорған! Көпірлер саламыз: бірге біз күштіміз» Жеке қауіпсіздік: «Менің негізгі құқықтарым мен міндеттерім»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
	5 – апта дәйексөзі: «Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер» 26.04.27 ж.–30.05.27 ж.			
31	Сынып сағатының тақырыбы:«1 мамыр — Қазақстан халқының бірлігі күні. Әртүрліміз, бірақ теңбіз — елімізде бірліктеміз»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	

	Құндылықтарды жүйелі түрде кіріктіру **7-сынып** Конституция аясындағы заң және тәртіп: «Азаматтардың тең құқылығы — бірлік пен қоғамдық келісімнің негізі» Жеке қауіпсіздік: «Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары»			
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы **1 мамыр** – Қазақстан халықтарының бірлігі күні **7 мамыр** – Отан қорғаушылар күні **9 мамыр** – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні **15 мамыр** – Халықаралық отбасы күні **18 мамыр** – Халықаралық мұражайлар күні **31 мамыр** – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні				
1-апта дәйексөзі : **«Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ»** **03.05.27 ж.–07.05.27 ж.**				
32	Сынып сағатының тақырыбы:«7 мамыр — Отан қорғаушылар күні» Құндылықтарды жүйелі түрде кіріктіру **7-сынып** Жеке қауіпсіздік: «Бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезіндегі қауіпті белгілер»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
2-апта дәйексөзі: **«Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ»** **10.05.27 ж.–14.05.27 ж.**				
33	Сынып сағатының тақырыбы: «9 мамыр — Жеңіс күні: халықтың ерлігіне тағзым» Құндылықтарды жүйелі түрде кіріктіру: **7-сынып** Жеке қауіпсіздік — «“Цифрлық диета” челленджі: гаджеттерден қысқа уақытқа бас тарту қалай әсер етеді?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
	Сынып сағатының негізгі тақырыбы :«Отбасы – бақыт мекені»			

	Құндылықтарды жүйелі түрде кіріктіру: **7-сынып** «Желідегі жас шектеулері және олар не үшін қажет»			
	3-апта дәйексозі: **Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек. (Толе би)** **24.05.27 ж.**			
34	Сынып сағатының тақырыбы «Білімім – Отаныма!» Жеке қауіпсіздік: «Менің қандай құқығым бар?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	